

*«Евразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамының Директорлар кеңесімен
БЕКІТІЛГЕН
2011 жылғы «23» қарашадағы Хаттама.*

СОТ ШЫҒЫСТАРЫН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелерді «Евразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде бір жақты тәртіптен әзірлеген және сақтандыру шарттарын, сот шығыстарын сақтандыру шарттарын жасау және орындау тәртібін айқындайды.

Осы ережелер сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Тараптардың осындай шарт бойынша міндеттемелерін айқындайтын сот шығыстарын сақтандырудың нақты шартының шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалады.

МАЗМҰНЫ:

1-бап.	Глоссарий
2-бап.	Жалпы ережелер
3-бап.	Сақтанушы. Сақтандырылушы. Пайда алушы
4-бап.	Сақтандыру объектісі
5-бап.	Сақтандыру жағдайларының тізбесі
6-бап.	Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу
7-бап.	Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі
8-бап.	Сақтандыру сыйлықақысы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері
9-бап.	Франшиза
10-бап.	Сақтандыру шартын жасау тәртібі
11-бап.	Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
12-бап.	Тараптардың құқықтары мен міндеттері
13-бап.	Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары
14-бап.	Сақтандыру құпиясы
15-бап.	Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері
16-бап.	Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
17-бап.	Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары
18-бап.	Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
19-бап.	Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)
20-бап.	Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
21-бап.	Қосымша шарттар
22-бап.	Дауларды шешу тәртібі

1-бап. Глоссарий

Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. Үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындау және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты.

2. Залалды өтеу – сақтандырушының сақтандырумен өтелген сот шығыстары түріндегі сот талқылаулары нәтижесінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) шеккен залалды толық немесе ішінара өтеуі.

3. Пайда алушы – сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

4. Қолданыстағы заңнама – уәкілетті мемлекеттік органдар немесе олардың лауазымды тұлғалары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы.

5. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) – «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ мен сақтанушы арасында осы Сақтандыру ережелерінің талаптары негізінде жасалатын және нақты сақтандыру объектісін сақтандыру шарттарын айқындайтын шарт. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

6. Сақтандырылушы – сот шығыстары осы ережелердің және сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандырылатын тұлға.

- 7. Мүліктік сипаттағы қуыным** – мүліктік құқықтарды бұзу нәтижесінде туындайтын қуыным.
- 8. Мүліктік емес сипаттағы қуыным** – жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді бұзу нәтижесінде берілген, бұзылуы, одан айырылуы немесе кемітілуі жәбірленушіге моральдық зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін, азаматқа игілік туғаннан немесе заңға сәйкес оның жеке басымен тығыз байланысты құқықтар тиесілі қуыным. Адамға туғаннан бері тиесілі игіліктерге өмір, денсаулық, ар-намыс, еркіндік, жеке басына қол сұғылмаушылық жатады, ал азаматтың құқықтарына тұрғын үйге немесе меншікке қол сұғылмаушылық құқығы; жеке және отбасылық құпияға, телефон, телеграф хабарламалары мен хат жазысу құпиясына құқық; есімді пайдалану құқығы; бейнелеу құқығы; авторлық құқық және авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңдарда көзделген басқа да мүліктік емес жеке құқықтар; еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерін таңдау құқығы; дәйекті ақпарат алу құқығы, сондай-ақ республиканың заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтар.
- 9. Құзыретті органдар** – соттар, алдын ала тергеу, анықтау органдары және өз құзыреті шегінде дауды қарауға байланысты қажетті іс-әрекеттер жасауға не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген сот процесін жүргізуге уәкілетті өзге де органдар.
- 10. Істі заңсыз созу** – соттың не өзге құзыретті органның қаулысын (шешімін) шығаруды негізсіз кейінге қалдыруға және/немесе құзыретті органның заңды күшіне енген қаулысын орындау сәтін болғызбауға не кейінге қалдыруға бағытталған іс-әрекеттер, сондай-ақ процестің мақсаттарына, іс-әрекеттерге ресми негіздер бойынша қол жеткізуге ақылға қонымды бағытталмаған кез келген іс-әрекеттер.
- 11. Сақтандыру арқылы қорғау кезеңі** – сақтандыру жағдайлары басталған жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеті туындаған кезден бастап осындай міндет тоқтатылған кезге дейінгі уақыт кезеңі.
- 12. Сақтандырылушының ысыраптары** – құзыретті органның оған сот шығыстары мен іс жүргізу шығындарын өтеу міндеттерін жүктеуі нәтижесінде сақтандырылған адамның залал сомасы және/немесе бұзылған құқықтарды қорғау үшін құзыретті органдарға жүгіну нәтижесінде сақтандырылушының залал сомасы.
- 13. Сот шешімін орындаудағы бетбұрыс** - соттың заңды күшіне енген, толық немесе ішінара орындалған шешімінің күшін жою және соттың талап қоюдан толық немесе бір бөлігінде бас тарту туралы жаңа шешім шығаруы не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы немесе талап қоюды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығаруы талапкерден күші жойылған шешім бойынша алғандарының бәрін өндіріп алады (шешімнің орындалуын бұру). 8. Сақтандыру ережелері - сақтандыру ұйымының белгілі бір сақтандыру класы бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжаты.
- 14. Тараптар** – сот шығыстарын сақтандыру шартына қол қойған сақтандырушы мен сақтанушы.
- 15. Сақтанушы** – сот істерін қарау нәтижесінде сот шығыстары түріндегі шығындарға жол бермеуге мүдделі және сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға.
- 16. Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.
- 17. Қосарланған сақтандыру** – бірнеше сақтандырушыда ортақ сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түсетін бірдей тәуекелдерден бірдей мүддені сақтандыру. Қосарланған сақтандыру болған жағдайда сақтандырушылар сақтандырылатын мүдденің сақтандыру құны шегінде жауапты болады және олардың әрқайсысы өзі жасасқан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына барабар жауап береді.
- 18. Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы)** – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
- 19. Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтанушының сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 20. Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

- 21. Сақтандыру актісі (сақтандыру жағдайы туралы акт)**– сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жасайтын, сақтандыру өтемін жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжат.
- 22. Сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.
- 23. Сақтандыру тәуекелі** – сақтандыру жүргізілетін жағдайға болжамды қауіпті оқиға. Сақтандырумен қамтылған тәуекелдер шеңбері сақтандыру шарттарында қатаң ескертілуге тиіс.
- 24. Сақтандыру тарифі** – сақтандырушы белгілейтін мөлшерлеме, оны қолдана отырып сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы айқындалады (сақтандыру сомасына пайыздық арақатынаста айқындалады).
- 25. Суброгация** – жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға өткен, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға сақтанушының (сақтандырылушының) талап ету құқығы.
- 26. Болашақта сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға** – сақтанушының (сақтандырылушының) өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамауы, заң актілерінің, уәкілетті органдардың талаптарын орындамауы, сақтанушы (сақтандырылушы) контрагенттерінің міндеттемелерін бұзуы, талап-шағымдары, сақтанушының (сақтандырылушының) не үшінші тұлғалардың соңғысына қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауы және т.б.
- 27. Сақтандыру аумағы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау қолданылатын аумақ.

2-бап. Жалпы ережелер

- 1.** Осы ережелердің шарттарында «Евразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - сақтандырушы) заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі мәтін бойынша «Сақтанушы») сот шығыстарын сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша «Сақтандыру шарттары») жасайды.
- 2.** Сот шығыстарын сақтандыру «Жалпы сақтандыру» саласын сақтандырудың ерікті мүліктік класы болып табылады. Сот шығыстарын сақтандыру сот талқылауына байланысты сақтанушының (сақтандырылушының) шеккен шығыстары нәтижесінде оның жоғалуы кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейді.
- 3.** Осы ережелер сот талқылауы кезінде сақтанушы жауапкер және/немесе талапкер ретінде әрекет ететін, сақтандыру жағдайларын, сақтандыру жағдайларынан алып тастауларды, сақтандыру сомасын айқындау тәртібін және сақтандырудың осы сыныбы бойынша өзге де шарттарды айқындайтын сақтанушының мүліктік мүдделеріне байланысты сот шығыстарын сақтандыру тәртібі мен шарттарын көздейді.
- 4.** Сот шығындарын сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға сақтандырылған тұлғаның сот талқылауына байланысты шеккен сот шығындары шегінде, бірақ сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын көлемде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 5.** Осы сақтандыру ережелерінің ережелері сақтандырудың тиісті сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы болған жағдайда «Жалпы сақтандыру» саласы шегінде сақтандыру кластарын қоса атқарған кезде қолданылуы мүмкін.
- 6.** Осы сақтандыру ережелерінің ережелері сақтандырудың тиісті кластары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығына лицензиясы болған жағдайда «Жалпы сақтандыру» саласы шегінде сақтандыру кластарын қоса атқарған кезде қолданылуы мүмкін.

3-бап. Сақтанушы. Сақтандырылушы. Пайда алушы

- 1.** Сақтанушы - соңғысының (соңғыларының) талап қоюшы, жауапкер ретінде сот талқылауларына қатысуы кезінде орын алуы мүмкін шығыстар нәтижесінде

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

Сақтандырылушының (Сақтандырылушылардың) мүліктік шығындарын болдырмауға мүдделі және Сақтандырушымен сот шығыстарын сақтандыру шартын жасасқан заңды және/немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2. Сот шығыстарын сақтандыру шарты бойынша жалғыз сақтандырылушы болып табылатын сақтанушы - заңды тұлға сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау) шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

3. Сақтанушы — заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, егер ол сот шығындарын сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлға болып табылмаса немесе топтық сот шығындарын сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлға болып табылса, сақтандыру шарты (сақтандыру қорғауы) қолданылу мерзімі ішінде және сақтандыру сыйлықақысы толық төленген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес сақтандырушының келісімімен осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

4. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі және/немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі ішінде жалғыз сақтандырылған тұлға болып табылатын сақтанушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру шарты (сақтандыруды қорғау) өзінің қолданылуын тоқтатады және сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, бұл ретте сақтанушының осы сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеген жағдайда сақтандырушы айқындаған тәртіппен сақтандырушының жазбаша келісімімен ғана сақтанушының мұрагерлеріне ауысуы мүмкін.

5. Сақтанушы - сақтандырылушы болып табылмайтын не сақтандырылушы болып табылатын жеке тұлға қайтыс болған жағдайда, сот шығыстарын топтық сақтандыру шартында сақтандыру шарты қалған сақтандырылушыларға қатысты өзінің қолданылуын жалғастырады, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушыға толық көлемде төлеген жағдайда, бұл ретте сақтанушының осы сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушы айқындаған тәртіппен сақтандырушының жазбаша келісімімен ғана сақтанушының мұрагерлеріне ауысуы мүмкін.

6. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады.

7. Сақтанушы сақтандыру шартында сақтандырылушы (сақтандырылушылар) ретінде өзге тұлғаны (өзге тұлғаларды) айқындай алады. Мұндай жағдайларда сақтандырылушылардың сот шығыстарына ұшырауы нәтижесіндегі мүліктік шығыстарға байланысты мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

8. Сақтандырылушының (сақтандырылушылардың) пайдасына сақтандыру шартын жасау сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

9. Сақтанушы сақтандыру шартын жасау кезінде кез келген тұлғаны пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы, бұл ретте егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, онда сот талқылауына талапкер және/немесе жауапкер ретінде қатысқан және сот шығыстарын шеккен тиісті сақтандырылушы не осындай сақтандырылушы пайда алушы деп танылады. Сот шығыстарын топтық сақтандыру шартында сақтандырылушы болып табылатын сақтанушы сот талқылауына талапкер және/немесе жауапкер ретінде қатысқан және ол сот шығыстарын көтерген жағдайда пайда алушы бола алады.

10. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартында көрсетілген сақтандырылушы болып табылмайтын пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.

11. Пайда алушы сақтанушымен оның келісімінен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойғаннан кейін оны басқа тұлғамен ауыстыруға болмайды.

12. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес бір-бірімен үлестес тұлғалар бір сақтандыру шарты бойынша сақтандырылушылар бола алады не ортақ үлестес тұлғасы бар, сондай-ақ сақтанушымен үлестес тұлғалары бар.

4-бап. Сақтандыру объектісі

1. Сақтанушының (сақтандырылушының) сот талқылауында шеккен шығыстары нәтижесінде мүлкілік шығыстарға байланысты мүлкілік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушыда (сақтандырылушыда) сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау) шартының қолданылуы кезеңінде туындауы мүмкін сот шығыстары ол жасалған кезде одан әрі сот талқылауына әкеп соғуы мүмкін оқиға орын алмаған жағдайда сақтандыруға жатады.

3. Сақтандыру мыналарға қолданылмайды:

1) сақтанушының (сақтандырылушының) өкіл (адвокат не өзге тұлғалар), сарапшы, маман, аудармашы қызметтерінің құнына жұмсалатын шығыстары және сот талқылауына дейін туындаған, дауды шешуге бағытталған өзге де шығыстар;

2) дау соттан тыс тәртіппен шешілген жағдайда сот шығыстары мен сот талқылауын болғызбауға не азайтуға арналған шығыстар;

3) судебные и досудебные расходы по искам о взыскании морального ущерба, при причинении вреда личным неимущественным благам и правам лица, о взыскании упущенной выгоды;

4) сақтанушының (сақтандырылушының) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай шығындар оған жүктелмесе де, сот шығындарын өз еркімен өз мойнына алуымен байланысты шығындар;

5) істі мәні бойынша шешу үшін көрінеу елеулі мәні жоқ сақтанушының (сақтандырылушының) негізсіз және орынсыз сот шығыстары;

6) сот талқылауына қатысуға сақтанушының (сақтандырылушының) өкілдерін не олардың өздерін олардың тұрақты орналасқан жері болып табылмайтын жерге тартуға байланысты сот шығыстары, бұл сот шығыстарын негізсіз ұлғайтады;

7) заңды күшіне енген сот қаулысын (шешімдерін, ұйғарымдарын және т.б.) ерікті және уақтылы орындаудан жалтаруға байланысты сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары;

8) сақтанушының (сақтандырылушының) талап-арыздары бойынша кейіннен көрінеу негізсіз талап-арыз деп танылған сот шығыстары;

9) сақтанушының (сақтандырылушының) талап қоюдан бас тартуын мәлімдеген, бітімгершілік келісім жасаған, талап қоюды мойындаған талап қоюларына байланысты сот шығыстары;

10) апелляциялық, қадағалау сот сатыларына, сондай-ақ төрелік, аралық соттарға шағымдар (өтініштер) беру кезінде тиісті шығындарға Сақтандырушының келісімін алмай туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары;

11) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандырылушыға қарсы, сондай-ақ сақтанушыға немесе басқа сақтандырылушыға немесе пайда алушыға қарсы бір сот шығыстарын сақтандыру шарты бойынша берген әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) және/немесе талаптарынан туындайтын сот шығыстары.

Сақтандыру шартында сақтандыру қолданылмайтын сот шығыстарының кеңейтілген тізбесі көзделуі мүмкін.

4. Сақтандыру осы баптың 3-тармағының 1) -11) тармақшаларында санамаланған сот шығыстарына, егер бұл сақтандыру шартында арнайы ескерілген болса ғана, қолданылуы мүмкін.

5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Осы ережелерге сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) мынадай сақтандыру жағдайлары (бір сақтандыру жағдайы не жиынтығы бойынша бірнешеуі) нәтижесінде сот талқылауында шеккен шығыстары нәтижесінде мүлкілік шығындар тәуекелі сақтандырылады:

1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, шаруашылық істер бойынша сот талқылауына талапкер (бірлескен талапкер) немесе қылмыстық іс бойынша азаматтық талапкер ретінде қатысуы, бұл ретте сақтандырушыға кейін сотқа талап қоюға әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы тиісті оқиға басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау шарты сақталған жағдайда.

2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, шаруашылық істер бойынша сот талқылауына жауапкер (бірлескен жауапкер) немесе қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде қатысуы, бұл ретте сақтандырушыға үшінші тұлғалардың жалпы

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

юрисдикциядағы соттарға талап қоюына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы, сақтанушы (сақтандырылушы) жауапкер (бірлескен жауапкер) ретінде қатысуы мүмкін жағдайларда, тиісті оқиға басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлау шарты сақталған жағдайда.

6-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

1. Егер сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары салдарынан туындаған болса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық іс-әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланған-жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүлік; ереуіл; локаут; халық көтерілісіне ұласатын немесе кең ауқымды сипат алатын азаматтық тәртіпсіздіктер; көтеріліс; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе узурпациялау; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру;
- 3) сақтандыру шарты жасалғанға дейін сақтандыру аумағының табиғи апат аймағы деп жариялануы жағдайында болатын табиғи апаттар;
- 4) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағу нәтижесінде пайда болған радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 5) сақтандыру жағдайынан туындамаған шығыстар;
- 6) сақтанушының (сақтандырылушының) өкілге (адвокатқа) және/немесе мемлекеттік баж салығына толық көлемде не тиісті бөлігінде сот шығыстары, сондай-ақ заңнамада тегін заң көмегін көрсету, оны толық көлемде не тиісті бөлігінде мемлекеттік баж салығын және өзге де сот шығындарын төлеуден босату көзделетін өзге де сот шығындары;
- 7) сақтанушының (сақтандырылушының) оларды болдырмауға не азайтуға шаралар қолданбауынан туындаған сот шығыстары;
- 8) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары;
- 9) сақтанушының, сақтандырылушының және (немесе) пайда алушының заң актілерінде белгіленген тәртіппен қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған, сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған іс-әрекеттері;
- 10) сақтанушының (сақтандырылушының) мемлекеттік актіні, нормативтік құқықтық (заңнамалық) актіні қабылдау, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды (келісімдерді) жасасуы, ратификациялауы нәтижесінде туындаған, сақтанушының (сақтандырылушының) жауапкер (сәйкес келетін) және/немесе талап қоюшы (тең талап қоюшы) ретінде жүгінуіне не тартылуына әкеп соққан сот шығыстары;
- 11) сақтанушының (сақтандырылушының) көрінеу заңсыз, заңсыз талаптары не әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары;
- 12) сақтанушының (сақтандырылушының) осы сақтандыру шарты жасалғанға және/немесе ол бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы басталғанға дейін туындаған оқиғалар нәтижесінде туындаған сот шығыстары;
- 13) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі және/немесе ол бойынша сақтандыру қорғауының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындаған сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығыстары, егер тек соңғысы сот процесі қозғалғаннан және істі судьяның іс жүргізуіне қабылдағаннан кейін өтпесе;
- 14) сақтанушының (сақтандырылушының) мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ ұлттық компаниялардың талап-арыздарынан туындаған сот шығыстары;
- 15) сақтанушының (сақтандырылушының) саяси себептер бойынша туындаған сот шығыстары;
- 16) сақтанушының (сақтандырылушының) бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігінің негіздеріне қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, халықтың денсаулығы мен имандылыққа, экологиялық қылмыстарға, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жасауы нәтижесінде туындаған сот шығыстары;

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

- 17) егер осындай негіздер мен талаптар бойынша талаптарды қанағаттандырудан жалпы юрисдикциядағы соттар екі және одан да көп рет бас тартса және сот қаулылары құқықтық мүмкіндіктер болған және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іс жүзінде дауланған жағдайда, сақтанушының (сақтандырылушының) талап-арыздары бойынша туындаған сот шығыстары;
 - 18) егер осындай негіздер мен талаптар бойынша талаптарды қанағаттандырудан жалпы юрисдикциядағы соттар екі және одан да көп рет бас тартса және сот қаулылары құқықтық мүмкіндіктер болған және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іс жүзінде дауланған жағдайда, сақтанушының (сақтандырылушының) талап-арыздары бойынша туындаған сот шығыстары;
 - 19) сақтанушының (сақтандырылушының) істі дұрыс жүргізбеуі, қолданылуға жатпайтын нормативтік құқықтық актілер нормаларына, келісімдерге және/немесе Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарға сілтеме жасауы, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша арыз беруге сақтанушының (сақтандырылушының) шара қолданбауы, бірінші сатыдағы соттарға ұсынылуға тиіс дәлелдемелерді ұсынбауы салдарынан туындаған сот шығындары, бұған істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайлар сақтанушыға (сақтандырылушыға) белгілі болмауы тиіс және мүмкін болмаған жағдайлар кірмейд;
 - 20) сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығындарына қатысты іс Қазақстан Республикасының аумағынан тыс қаралғанда және/немесе істі қарау барысында халықаралық заңнаманы немесе шет мемлекеттің заңнамасын қолдану жағдайында туындаған сот шығындары;
 - 21) заңды тұлға болып табылатын сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығындары мен іс жүргізу шығындары, егер сот талқылауында тарап (айыпталушы) ретінде оның басшылары, құрылтайшылары, акционерлері және олардың үлестес тұлғалары қатысқан жағдайлармен байланысты болса.
2. Сақтандыру шартында сақтандырудан ерекшеліктердің өзге тізбесі және сақтандыруды өзге де шектеулер көзделуі мүмкін.
 3. Егер сақтанушы (сақтандырылушы) нормативтік құқықтық актілерде белгіленген нормаларды бұзса, сақтандырушының сақтанушыны бұзушылықтар туралы өзіне белгілі болған күннен бастап бір ай ішінде алдын ала хабардар ете отырып, көрсетілген бұзушылықтар жойылғанға дейін сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқығы бар.

7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
2. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтанушы берген мәліметтер, сондай-ақ сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтанушы толтырған белгіленген нысандағы өтініш-сауалнама негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.
3. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:
 - 1) жалпы сақтандыру сомасы - сақтандыруды қорғаудың барлық қолданылу кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
 - 2) әрбір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы;
 - 3) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша не сақтандыру жағдайлары тобы бойынша сақтандыру сомасы;
 - 4) сақтандыру сомаларының өзге де түрлері.
4. Топтық сақтандыру шарттарын жасасқан кезде сақтандыру сомасы осы баптың 1 - 3-тармақтарын ескере отырып, әрбір сақтандырылған тұлға үшін жеке айқындалады, бұл ретте, егер бір сақтандырылған тұлға бойынша сақтандыру сомасы таусылса, онда соңғысы басқа сақтандырылған тұлға үшін айқындалған сақтандыру сомасының шотына толықтырыла алмайды.
5. Жалпы сақтандыру сомасы айқындалған сақтандыру шарттарын жасау кезінде тиісті сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін жалпы сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылады.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері

- 1.** Сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға соңғысының пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде төлеуге міндетті ақша сомасы.
Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру тәуекелінің сипаты мен дәрежесіне сүйене отырып есептеледі.
- 2.** Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді, топтық сақтандыру шарттарын жасасқан кезде әрбір сақтандырылушы үшін осы сақтандырылушының сақтандыру тәуекелінің сипаты мен дәрежесін ескере отырып, сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын жеке есептеуі мүмкін.
- 3.** Сақтандырушы төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде істердің санатына және сот талаптарына қарай айқындалатын сақтандыру сыйлықақыларына: мүлктік сипаттағы талаптар бойынша және мүлктік емес сипаттағы талаптар бойынша азаматтық істерге, қылмыстық, әкімшілік, шаруашылық істерге жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы.
- 4.** Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бір мезгілде немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда бөліп-бөліп төлеуге тиіс.
- 5.** Егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (келесі сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен күннен бастап сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы немесе өз қалауы бойынша сақтандыру қорғауының әрекетін тоқтата тұруға құқылы, бұл ретте сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауының мерзімдері сақтандыру қорғауы қайта басталғаннан кейін сақтандырушы тарапынан ұзартылмайды, сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру арқылы қорғау тоқтатылған сәттен бастап оны қайта қалпына келтіргенге дейінгі кезеңде шарт бойынша жауапты болмайды және көрсетілген кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
- 6.** Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өткен, бірақ төленбеген сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын немесе сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде сақтандыру төлемінен ұстап қалуға құқылы.
- 7.** Сақтандыру шарты, егер оның әрекеті сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу салдарынан тоқтатыла тұрса, қайта қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы сақтандыру арқылы қорғаудың әрекеті тоқтатылған сәттен бастап оны қайта қалпына келтіргенге дейінгі кезеңде шарт бойынша жауапкершілік көтермейді, ал көрсетілген кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

9-бап. Франшиза

- 1.** Франшиза - сақтандыру шарттарында көзделген сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.
- 2.** Франшиза шарт қойылатын (шегерілмейтін) және шарт қойылмайтын (шегерілетін) болады. Шарт қойылатын франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ, егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шарт қойылмайтын франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегергенде өтеледі.
- 3.** Франшиза мөлшері сақтандыру шартында айтылады және не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді.

10-бап. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

1. Сақтандыру шарты сақтанушының белгіленген нысандағы (№ 1 және № 2 қосымшалар) жазбаша өтініш-сауалнамасы, сондай-ақ сақтандырушының талап етуі бойынша сақтанушы ұсынған өзге де мәліметтер мен құжаттар негізінде жасалады.
2. Сақтанушы толтырған өтініш-сауалнама сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Топтық сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушы әрбір сақтандырылған тұлға бойынша барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды толтыруға және ұсынуға, сондай-ақ сақтанушының, сақтандырылған адамдардың өзара үлестес болу дәрежесі мен сипатын көрсетуге тиіс.
3. Сақтанушы сақтандыру (топтық сақтандыру) шартын жасағанға дейін сақтандырушыға мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, сақтандырылушы туралы толық, дұрыс мәліметтерді ұсынуға тиіс:
 - 1) құрылтай құжаттарының резиденттері заңды тұлғалар үшін (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, салық төлеушінің куәлігін қоса алғанда), акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмелерді (акционерлік қоғамдар үшін), резидент емес заңды тұлғалар үшін сауда тізілімінен үзінді көшірмені, сондай-ақ жария етілген құрылтай құжаттарын; резидент жеке тұлғалар үшін - жеке куәлік, дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік (бар болса), резидент емес жеке тұлғалар үшін - белгіленген тәртіппен задастырылған құжаттар.
 - 2) лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензиялар;
 - 3) сақтандыру шартын жасау алдындағы соңғы жыл үшін бюджет алдында берешектің, сондай-ақ несие берешегінің жоқ не бар екендігі туралы анықтама;
 - 4) сақтандырылған тұлғаларға қатысты заңды жауапкершілікті белгілеу туралы сот қаулыларын;
 - 5) жеке тұлғалар үшін - соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
 - 6) өткен қаржы жылындағы жылдық қаржылық есепті;
 - 7) сақтандырылған адамның және/немесе оның қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін және сақтандырылған адамның қызметі саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттар (білімі туралы диплом, еңбек кітапшалары, ұсыным хаттар).
4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылған мәліметтерін өзгертуге құқылы. Сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушы сақтанушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдардың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
5. Сақтанушы сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында өзіне сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге және сақтандырушы талап еткен қосымша құжаттарды беруге міндетті.
6. Ақпарат пен құжаттардың дұрыстығы мен толықтығы үшін сақтанушы жауапты болады.
7. Егер сақтандыру шарты сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен сақтанушының тиісті мән-жайларды хабарламауы негізінде сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
8. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушының сақтандырушыға осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге не сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
9. Егер сақтанушы жасырын тұрған мән-жайлар жойылса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
10. Сақтанушы сақтандырылған тұлғаларға шағымдардың, сот талаптарының бар екендігі туралы, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғалар туралы сақтандырушыны хабардар етуге міндетті.
11. Сақтандыру шарты сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы сақтандыру ережесіне (қосылу шарты) сақтанушыны қосу және сақтандырушының сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беру жолымен жазбаша нысанда жасалады (№ 3 және № 4-қосымшалар).
12. Сақтандыру шартында қамтылуы тиіс:
 - 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері, телефоны және банктік деректемелері;
 - 2) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе атауы, орналасқан жері және банк деректемелері (егер ол заңды тұлға болып табылса);

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

- 3) сақтандырылған тұлғалардың атауын (тегі, аты, әкесінің аты), орналасқан жерін (тұрғылықты жерін) көрсету;
 - 4) пайда алушының атауын (тегі, аты, әкесінің аты), орналасқан жерін (тұрғылықты жерін) және банк деректемелерін көрсету;
 - 5) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 6) сақтандыру жағдайын (сақтандыру жағдайларын) көрсету;
 - 7) сақтандыру сомасының мөлшерін, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін;
 - 8) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оны төлеу тәртібі мен мерзімдерін;
 - 9) сақтандыру (сақтандыру қорғауы) шартының жасалған күні мен қолданылу мерзімін;
 - 10) сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
 - 11) сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібін.
- 13.** Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисін дайындауға арналған шығыстарды төлегеннен кейін сақтандыру полисінің телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

- 1.** Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 2.** Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезден бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.
- 3.** Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 4.** Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 1.** Сақтанушы құқылы:
 - 1) сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер ол Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру төлемін алуға;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
 - 4) осы сақтандыру ережелерімен танысуға;
 - 5) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін пайда алушыны ауыстыруға;
 - 6) сақтандыру полисі жоғалған кезде осы ережеде көзделген тәртіппен оның телнұсқасын алуға;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.
- 2.** Сақтанушы міндетті:
 - 1) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша барлық сақтандырылған тұлғалар туралы хабарлауға;
 - 2) сақтандырылған тұлғалардың басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық сот шығыстарын сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 3) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
 - 4) сақтанушының (сақтандырылушының) сот талқылауында мүдделерін білдіретін тұлғаларды таңдау кезінде сақтанушының (сақтандырылушының) сот талқылауында мүдделерін білдіруге

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

тиісті тұлғаның алдын ала жазбаша келісімін алу не сақтандырушы өкілдің кандидатурасын қанағаттандырудан бас тартқан кезде - сақтандырушы көрсеткен өкілдің (адвокаттың) қызметтерін пайдалануға;

5) сақтандырушы өкіліне дауды сотқа дейін реттеу барысында немесе кейіннен сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығындарына әкеп соғуы мүмкін өзге де оқиғаны шешу кезінде, сондай-ақ сот талқылауына қатысу үшін сақтанушының (сақтандырылушының) мүдделерін білдіруге сенімхат беруге міндетті, бұл ретте аталған жағдай сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) өзге өкілінің тиісті мәселелерді шешуге қатысуын шектемейді;

6) алдағы шығыстар туралы шешім қабылданған кезден бастап не сот мұндай шығыстарды сақтанушыға (сақтандырылушыға) сот қаулы (шешім) шығарғанға дейін жүктеген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыға сот талқылауы барысында алдағы не сот жүктеген сот шығыстары туралы хабарлауға;

7) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаны болдырмау үшін қабылдайтын шаралар туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;

8) сақтандырушыны сақтанушының (сақтандырылушының) сот шығындарына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан сот талқылауының барысы туралы, сондай-ақ сот талқылауының нәтижесіне маңызы бар іс жүргізу және өзге де құжаттар туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті;

9) бірінші сатыдағы соттың қаулыларына, шешімдеріне және өзге де актілеріне жоғары тұрған сатыларда шағымданудың орындылығын сақтандырушымен келісуге;

10) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабарлауға;

11) сақтандырылушылардың назарына сақтандыру шарттарын жеткізуге және егер сақтанушы сақтандыру шарты бойынша не топтық сақтандыру шарттары бойынша сақтандырылушы сақтанушы сияқты міндеттерді атқаратынын түсіндіруге;

12) сақтандыру шарттарын (сақтандырылушылардың сақтандыру шартының шарттарын бұзуы сақтанушының өзінің сақтандыру шартының шарттарын бұзуы деп бағаланады) және осы сақтандыру ережелерінің ережелерін орындауға;

13) осындай оқиға басталған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге;

14) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды болғызбау немесе азайту бойынша шаралар қолдануға;

15) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы баға беруге мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беруге;

16) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

17) үшінші тұлғаны тек сақтандырушының жазбаша келісімімен ғана өз жағына тартуға.

3. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) қатысты тәуекелді бағалау үшін қажетті барлық деректер мен құжаттарды талап етуге;

2) сақтанушы (сақтандырылушы) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын және осы сақтандыру ережелерін орындауын тексеруге;

3) дауды сотқа дейін реттеу сатысында сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаны болғызбау бойынша шараларды қабылдауға, сондай-ақ сот талқылауына қатысуға;

4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;

5) сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;

6) сақтанушы немесе оның уәкілетті тұлғасы ниет жасаған жағдайда, сондай-ақ сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын орындамаған не оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған кезде бұл туралы сақтанушыны (сақтандырылушыны/пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;

7) кез келген ақылға қонымды уақытта тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын инспекциялауға және тексеруге;

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Сот шығыстарын сақтандыру ережелері

- 8) сақтанушы немесе сақтандырылушы сақтандыру шартын немесе осы ережені бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.
- 4. Сақтандырушы міндетті:**
- 1) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
 - 3) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін ол жұмсаған шығыстарды өтеуге;
 - 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 5) осы сақтандыру ережелерінде белгіленген жағдайларда сақтанушыға сақтандыру полисінің телнұсқасын беруге;
 - 6) сақтанушыға (сақтандырылушыға) олар өтініш жасаған кезде сақтандыру шарттарын түсіндіруге;
 - 7) өзінің төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат беруге;
 - 8) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтанушының жазбаша талабы бойынша сақтандыру шарты бойынша пайда алушыны ауыстыруға;
 - 9) мәлімделген шығындарды тіркеу журналында сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы хабарламасын тіркеуге;
 - 10) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.
- 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы ереженің басқа тармақтарында көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.**

13-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары

- 1.** Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
- 2.** Қалай болғанда да сақтандыру шартында көрсетілген өзгерістер, сондай-ақ мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:
 - сақтанушының (сақтандырылушының) қызмет түрінің өзгеруі;
 - сақтанушының (сақтандырылушының) қызметкерлері мен басшы құрамының өзгеруі;
 - сақтанушының (сақтандырылушының) ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі;
 - сақтанушының (сақтандырылушының) мүлкіне меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы;
 - мемлекеттік органдардың сақтанушының (сақтандырылушының) нұсқамаларын шығаруы, лицензияларын және өзге де арнайы рұқсат беру құжаттарын кері қайтарып алуы, қолданылуын тоқтата тұруы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін мәмілелер және өзге де заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасау;
 - сақтанушының (сақтандырылушының) өзінің төлем қабілеттілігінен жоғары міндеттемелер қабылдауы;
